| | <p>көшеге шықпау керектігін түсіндіреді. Көшеде бейтаныс адамдармен сөйлеспеу туралы айту. Балалармен серуен кезінде жолда қалай жүру керектігі туралы мысалдар келтіру және олардың назарын қауіпті жерлерге аудару.</p> | | <p>Іс-әрекет: Су қоймаларының жанында ересектерсіз ойнамау керектігін түсіндіру. Балалармен судың қауіпті жерлерін көрсету арқылы түсіндіру (мысалы, терең суға бармау). Құралдар: Су қоймаларының суреттері, бассейндерде сақтық шараларын түсіндіретін мультфильмдер.</p> | <p>Мақсаты: Балаларға киімді үнемді пайдалану және оны күтіп киюді үйрету. Құралдар: Балалардың киімдері (күртеше, жейде, бас киім). Өткізу барысы: Балаларға киімдерді үнемдеп, таза киіп жүрудің маңыздылығын түсіндіру. Ойын барысында киімдерді дұрыс кию және оны сақтап, ұқыпты болуды үйренеді.</p> | <p>көшеге шықпау керектігін түсіндіреді. Көшеде бейтаныс адамдармен сөйлеспеу туралы айту. Балалармен серуен кезінде жолда қалай жүру керектігі туралы мысалдар келтіру және олардың назарын қауіпті жерлерге аудару.</p> |
|--|---|--|---|---|---|

| | | | | | |
|----------------------------------|--|---|--|--|--|
| <p>Кестеге сәйкес ҮІӨ</p> | <p>Дене шынықтыру Жетекші жоспарымен.</p> | <p>Музыка Жетекші жоспарымен</p> | <p>Дене шынықтыру Жетекші жоспарымен.</p> | <p>Музыка Жетекші жоспарымен.</p> | <p>Дене шынықтыру Жетекші жоспарымен.</p> |
|----------------------------------|--|---|--|--|--|

| | |
|-------------------------------|---|
| <p>Екінші таңғы ас</p> | <p>Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларды қасықпен тамақ жеуге, майды нанға жағуға үйрету. Әр бала өз ыдысын дұрыс пайдалануды үйренеді. Кесте бойынша кезекшілікті орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</p> |
|-------------------------------|---|

| | |
|--|--|
| <p>Серуенге дайындық</p> | <p>Балаларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу олардың сөйлеуін дамыту әр балаға өз киімдерін танып шкафтан алуға дағдыландыру Мемлекеттік тілді меңгерту Киімдерін сөрелерден ұқыптылықпен алуға, дербестікке дағдыландыру, әр балаға өз киімдерін танып шкафтан алуға дағдыландыру Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру</p> |
| <p>Серуеннен оралу</p> | <p>Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Кір киімдерді тәрбиешіге ескертіп ауыстыру , қолдарын көпіршітіп жуу Жеке гигиенаны сақтауға баулу</p> |
| <p>Түскі ас</p> | <p>Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға үстелдегі тағамдарды атап, олардың түр-түсін, пішінін және дәмін сипаттау. Кесте бойынша кезекшілікті орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</p> |
| <p>Күндізгі ұйқы</p> | <p>Балаларға өздігінен киімдерін шешіп, ұйықтар алдындағы киімдерін киюге дағдыландыру Балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету Бесік жырын айту (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, музыка)</p> |
| <p>Ұйқыд анояту, сауықтыру шаралары</p> | <p>Құстардың шырылын еліктейтін дыбыстар немесе табиғи музыка қосу. Бала оянғаннан кейін, төсекте отырып, жеңіл созылу жаттығуларын жасау. «Денсаулық жолдарымен жүргізу » Жұмсақ және қатты жолдар</p> |
| <p>Бесін ас</p> | <p>Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға үстелдегі тағамдарды атап, олардың түр-түсін, пішінін және дәмін сипаттау. Кесте бойынша кезекшілікті орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</p> |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| <p>Балалардың дербес әрекеті (қимылдық ұлттық, сюжеттік рөлдік, үстел үсті-баспа, тағы басқа ойындар, кітап оқу, бейнелеу)</p> | <p>Мақсаты: Кеңістікті бағдарлауға және заттардың қасиеттерін ажыратуға үйрету</p> <p>Ойын: «Қайда орналасқан?» Балалар заттарды мұғалімнің нұсқауына сәйкес (жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта) орналастырады.</p> <p>Тапсырма: Заттарды жуандығы және ұзындығы бойынша салыстыру.</p> <p>Құрастыру: Қағаздан және мата қиындыларынан ұлттық нақыштағы сурет құрастыру. Балалар киіз үйлердің немесе ұлттық бұйымдардың суретін мата мен қағаз қиындыларынан жасайды.</p> | <p>Мақсаты: Геометриялық фигураларды зерттеу және ұлттық ою-өрнек жасау Ойын: «Ою құрастыру»</p> <p>Балалар геометриялық фигуралардан ұлттық оюдың қарапайым үлгісін жасайды.</p> <p>Тапсырма: Фигураларды түсі мен пішіні бойынша топтастыру.</p> <p>Құрастыру: Қалдық материалдардан (түтікше, киіз, ағаш бөлігі) ұлттық әшекейлер жасау. Балалар әртүрлі материалдарды пайдаланып шағын ұлттық бұйымдар құрастырады.</p> | <p>Мақсаты: Шығармашылық ойлау мен қол шеберлігін дамыту Ойын: «Түстерді сәйкестендір» Балалар ұлттық бұйымдардан алынған элементтерді сәйкес түстерімен жұптастырады.</p> <p>Тапсырма: Жуандығы мен ұзындығы бойынша заттарды салыстыру.</p> <p>Құрастыру: Табиғи материалдардан ұлттық композиция жасау. Балалар ағаш, жапырақ, мата қиындыларынан ұлттық нақыштағы шағын композиция құрастырады.</p> | <p>Мақсаты: Геометриялық фигураларды тану және оларды ұлттық бұйымдармен байланыстыру</p> <p>Ойын: «Шаңырақты жина» Балаларға әртүрлі пішіндегі бөліктер (дөңгелек, үшбұрыш, шаршы) беріледі. Олар шаңырақ бейнесін құрастырады.</p> <p>Тапсырма: Геометриялық фигураларды көлеміне қарай топтастыру.</p> <p>Құрастыру: Қағаздан шағын киіз үй жасауды жалғастыру, ұлттық өрнектерді қолдану.</p> | <p>Мақсаты: Кеңістікті бағдарлауды және заттардың орналасуын сипаттау</p> <p>Ойын: «Даладағы киіз үй» Балалар әртүрлі нысандарды (ағаш, киіз үй, тастар) даланың көрінісі ретінде қойып, олардың орналасуын сипаттайды.</p> <p>Тапсырма: Заттарды ұзындығы мен жуандығына қарай салыстыру.</p> <p>Құрастыру: Табиғи материалдардан дала көрінісін жасау Қағаз қиындылары, тас, бұтақтар пайдалану).</p> |
|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|-------------------------------------|--|---|--|--|--|
| <p>Балалармен жеке жұмыс</p> | <p>Жанерке Мониторинг бойынша Қарапайым әңгімелер мен сұрақтар арқылы Баланың сөйлеуге деген қызығушылығын ояту, сөздерді анық және дұрыс айтуға үйрету. Баламен</p> | <p>Гүлсезім Мониторинг бойынша Суреттерді қарау және атау арқылы Баланың сөздік қорына жаңа сөздер қосу, зейінін шоғырландыру. Суреттегі бар кітаптар немесе</p> | <p>Рамазан Мониторинг бойынша Қимылдар арқылы сөздерді есте сақтауға үйрету. «Кім не істеп жатыр?» ойыны. Балаларға жануарлардың</p> | <p>Жанерке Мониторинг бойынша Ән айту және еліктеу арқылы Баланың сөздерді түсініп айтуын дамыту. Жеңіл әндерді тыңдау («Қуырماش»</p> | <p>Исламбек Мониторинг бойынша Күнделікті сөздерді пайдалану. Баланың ойыншықтарын атау: «Доп, қуыршақ, машина». Баладан заттың атын және түсін</p> |
| | <p>күнделікті тақырыптарда сөйлесу (ойыншықтар, жануарлар, тамақ, отбасы туралы). Сұрақ қою: «Бұл не?», «Бұл қандай?» Баланың жауабын тыңдап, қажет болса, сөздерін толықтыру.</p> | <p>карточкаларды пайдалану. Әр суретті көрсете отырып, атау: «Бұл – мысық, мысық не істеп жатыр?» Баланың суреттегі заттарды сипаттауына көмектесу.</p> | <p>қимылдарын көрсетуін сұрау («Мысық қалай жүреді?», «Құстар қалай ұшады?»). «Жасырылған затты тап» ойыны. Балаға затты сипаттау арқылы табуға көмектесу.</p> | <p>сияқты). Баладан әннің кейбір сөздерін қайталауын сұрау</p> | <p>сұрау («Доп қандай түсті?»).</p> |
| <p>Серуенге дайындық</p> | <p>Балаларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу олардың сөйлеуін дамыту</p> <p>әр балаға өз киімдерін танып шкафтан алуға дағдыландыру</p> <p>Мемлекеттік тілді меңгерту</p> <p>Өздігінен реттілікпен киінуді үйрету</p> <p>Балаларға қысқы табиғаттың ерекшеліктері туралы қысқаша түсінік беру, әр балаға өз киімдерін танып шкафтан алуға дағдыландыру Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру</p> | | | | |

| | |
|-------------------------------|---|
| <p>Серуеннен оралу</p> | <p>Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға</p> <p>Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру</p> <p>Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу</p> |
| <p>Кешкі Ас</p> | <p>Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету.</p> <p>Балаларды қасықпен тамақ жеуге, майды нанға жағуға үйрету.</p> <p>Әр бала өз ыдысын дұрыс пайдалануды үйренеді.</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</p> |

| | | | | | |
|--|---|--|--|--|--|
| <p>Балалардың дербес әрекеті(қимылды қ ұлттық, сюжеттік рөлдік, үстел үсті баспа, тағы басқа ойындар, кітап оқу, бейнелеу)</p> | <p>Көлемді пішіндер мен мүсіндеу: Киіз үйдің жабдықтарын жасау: Балалардан ұлттық оюлары бар кішкентай ыдыс-аяқтарды (шәугім, құман, табақ) мүсіндеуді сұрау. Бұл жұмысты тұзды камырмен орындасаңыз, оларды кептіріп, соңында бояп оюмен безендіруге болады. "Оюлы сандық": Пластилин немесе басқа материалдан сандық жасап, оның бетін түрлі түсті ұсақ элементтермен безендіру (ою, гүлдер, жұлдызшалар). Мүсіндеу ,сурет салу</p> | <p>Қазақ халқының сәндік қолданбалы өнерін таныстыру: Киізден бұйым жасау: Жұмсақ киізден немесе фетр материалынан балаларға кішігірім "қоржын", "текемет" жасауға көмектесу. Олардан дайын бұйымдарға ою жапсыруды немесе жүннен өрнек қоюды сұрау. Ұлттық нақыштағы композиция: Балаларға қағаздан қиылған ұлттық бұйымдарды (сандық, киіз үй) беру. Олардан дайын заттарды жинап, ұлттық композиция жасауын сұрау. Мысалы: киіз үйдің айналасында отар қой немесе киіз үйдің ішіндегі көрпе-төсек бейнесі. Мүсіндеу, жапсыру Ұлттық құндылықты дамыту</p> | <p>Тактильді ойындар: "Сезіп таны": Әртүрлі текстурасы бар материалдардан (мата, киіз, жүн, қағаз) заттар дайындау. Балалардың көзін жұмып, қолдарымен сезіну арқылы материалды анықтауын сұрау. Әрі қарай ол заттың қандай ұлттық бұйымға жататынын талқылау. "Жүннен кілемше": Қой жүнінің түйіршіктерін біріктіріп, кішкене кілемшені қолмен жасауға қатыстыру. Бұл процессте балалар жүнмен жұмыс істеп, оны сезінеді. Жапсыру, мүсіндеу, тактильді моториканы дамыту, сөздік қорды молайту</p> | <p>Ұлттық ойындар арқылы шығармашылық: "Түсті асықтар": Асықтарды әртүрлі түстерге бояп, оларды жинап ойнату. Әр асықтың түсі белгілі бір затпен немесе тақырыппен байланыстырылуы мүмкін. Мысалы, қызғылт сары асық – күзгі жапырақ, жасыл – шөп, қоңыр – киіз үй. "Ою іздеу": Әртүрлі беттерге (қағаз, пластилин) алдын-ала оюлар салып қойып, балалардан оларды тактильді жолмен тауып көшіруді сұрау. Мүсіндеу, сурет салу, тактильді моториканы дамыту</p> | <p>Ұлттық шығармашылықты бейнелеу: Сурет салу: Балаларға киіз үй мен оның жабдықтарын бояуға арналған контур суреттерін дайындау. Киіз үйдің сыртқы көрінісін, ішкі жабдықтарын өз қиялымен бейнелеуді сұрау. Жапсыру: Түрлі түсті қағаздан ою өрнектер қиып, оларды ұлттық бұйымдарға (сандық, текемет) жапсыруды ұйымдастыру. Сурет салу, жапсыру, сөздік қорды дамыту</p> |
|--|---|--|--|--|--|

| | | | | | |
|-------------------------------|---|--|---|---|---|
| Балалардың үйге қайтуы | Ата аналармен балалардың бүгінгі іс әрекеттері туралы әңгімелесу. | Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. | Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу. | .Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. | Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу Тәрбиеші ата-аналарға баланың күнін қалай өткізетіні туралы қысқаша ақпарат береді. |
|-------------------------------|---|--|---|---|---|

Тексерілді:  әдіскер Ахметова Г.К

Тәрбиелеу білім беру процесі

2024-2025 оқу жылы

Білім беру ұйымы: МКҚК №17 «Шұғыла» бөбекжай балабақшасы

№4 Арнайы тобы «Кәусарбұлақ» ересек тобы

4 жастағы балалар

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 20.01.2025 | Сейсенбі 21.01.2025 | Сәрсенбі 22.01.2025 | Бейсенбі 23.01.2025 | Жұма 24.01.2025 |
|---|---|--|--|---|--|
| Балаларды қабылдау | Салемдесу Әр баланы есіктің алдында күлімдеп қарсы алу, ата-анасымен амандасу. Медбике тексеруі ҚР әнұранын орындау «Күй күмбірі» - балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру | | | | |
| Ата-аналармен немесе баланың басқада заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме: Баланың тамақтануы, ұйқысы және жалпы жағдайы туралы сұрау. Қыс мезгілі келгенін балаларды жылы киіндіру туралы ескерту | Ата-анаға кеңес: Тәрбиеші бала жайлы жалпы көңіл-күй, белсенділік немесе жаңа дағдылары жайлы қысқаша ақпарат беру | Психологтың кеңесі: Баланың әр жетістігін қолдап, оны мақтау, бұл баланың өзіне деген сенімділігін арттыратынын айту | Ата-аналармен әңгіме: Баланың қажеттіліктері мен даму динамикасын қысқаша талқылау. | Ата –аналармен әңгіме: Осы артада болатын іс шаралармен таныстыру, балаларды жарыстарқа қатыстыру туралы ұсыныстар |

| | | | | | |
|---|--|---|--|---|--|
| <p>Танертенгілік жаттығу</p> | <p>Таңғы жаттығу Жүгіру: Қысқа қашықтыққа адымдап жүгіру. Секіру: Екі аяқпен жерден жоғары секіру. Адымдап өту: Бір қадам алға адымдап, қайта артқа жүгіру. Құлау және тұру: Жерге отыру және қайта тұру.</p> | | | | |
| <p>Таңғы ас</p> | <p>Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. "Қолды қалай жуамыз?" сұрағын қойып, әрекеттерін бақылау. "Сабынды алып жақ, суды ашып шайқайық" (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</p> | | | | |
| <p>Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге Дайындық ҰІӨ</p> | <p>Добым, добым домалақ (екі қолынды айналдыру) Тоқтамайсын домалап (тезірек екі қолды айналдыру) Үстел үстін бүлдірдің (көлымен үстел үстін көрсету) Тәрелкені сындырдың (екі қол алақанымен тарелкені жасау, екі жаққа жылдам шашу)</p> | <p>Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру "Жолда жүрсек сақ боламыз" Мақсаты: Қарапайым жол ережелерін түсіндіру. Ойын барысы: Ойыншық машиналармен ойнау кезінде балаларға жолда тек жаяу жүргінші жолымен жүруді, көшені</p> | <p>Ұйымдастырылған іс әрекетке дайындық жасау, көрнекіліктерді дайындау, видео түсіндірмелер дайындау қарапайым сөйлемдерді қайталайды). "Судың қаншасы жеткілікті?" Мақсаты: Суды үнемдеуді және артық кетірмеуді үйрету.</p> | <p>Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру "Қай жерде қауіпті?" Мақсаты: Қауіпсіздік ережелерін үйрету. Ойын барысы: Бөлмедегі қауіпті заттарды (өткір немесе қатты заттар) көрсетіп, баланың олардан алыс болу керектігін түсіндіру.</p> | <p>Іс-әрекетке қажетті құралдарды дағдыларға қарай дайындау Өнегелі минут "Басқаға зиян тигізбе" Мақсаты: Басқа балалармен қауіпсіз ойнауды үйрену. Ойын барысы: Балаларға ойыншықтармен ойнау кезінде абай болу қажеттігін түсіндіру. Мысалы, "Жұмсақ ойыншықтарды лақтырсақ</p> |

| | | | | | |
|---------------------------|--|---|--|--|--|
| | Тентек болып кеттің деп(Сұқ саусақпен ескерту) Тұрмын сені тепкім кеп (екі қол белде, оң аяқпен тебу) | тек белгіленген орыннан кесіп өтуді үйрету. | Ойын барысы: Балалар өсімдіктерге немесе ойыншықтарға су құйып отырып, суды тек қажетті мөлшерде қолдануды үйренеді. Суды артық қолданбауды, бір ыдысты толтырмауды бақылап отыру. | Әр затқа қарап, "бұл қауіпті, оны ұстамаймыз" деп айтып отыру. | болады, ал қатты заттарды лақтырмаймыз" дегендей нұсқаулар беру. |
| Кестеге сәйкес ҰІӨ | Дене шынықтыру Жетекші жоспарымен. | Музыка Жетекші жоспарымен. | Дене шынықтыру Жетекші жоспарымен. | Музыка Жетекші жоспарымен. | Дене шынықтыру Жетекші жоспарымен. |

| | |
|--------------------------|--|
| Екінші таңғы ас | Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. "Қолды қалай жуамыз?" сұрағын қойып, әрекеттерін бақылау. "Сабынды алып жақ, суды ашып шайқайық" (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) |
| Серуенге дайындық | Сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға, Мысалы: күртеше, Етік, Қолқап, әр балаға өз киімдерін танып шкафтан алуға дағдыландыру Мемлекеттік тілді меңгерту Балаларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу олардың сөйлеуін дамыту әр балаға өз киімдерін танып шкафтан алуға дағдыландыру |

| | |
|------------------------|--|
| Серуеннен оралу | Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Дербестікке дағдыландыруға, сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру |
| Түскі ас | Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. "Қолды қалай жуамыз?" сұрағын қойып, әрекеттерін бақылау. "Сабынды алып жақ, суды ашып шайқайық" Кесте бойынша кезекшілікті орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету) |

| | | | | | |
|---|---|--|--|---|--|
| <p>Күндізгі ұйқы</p> | <p>Балаларға өздігінен киімдерін шешіп, ұйықтар алдындағы киімдерін киюге дағдыландыру Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.</p> <p>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, музыка)</p> | | | | |
| <p>Ұйқыдан аяну, сауықтыру шаралары</p> | <p>. Балаларға қиял әлемін сыйлап, ояруды қызықты ету. Балалардың төсектерінің қасында тұрып, қысқа ертегі айтудан бастау: "Қояндар оянды, орман оянды, енді біздің балаларымыз да оянады!"</p> <p>«Денсаулық жолдарымен жүргізу» Түйіршікті, усақ және ірі моншақты жолдар</p> | | | | |
| <p>Бесін ас</p> | <p>Балаларға: Үстелді таза ұстау. Төгіліп қалған тамақты сүртуге көмектесу.</p> | | | | |
| <p>Балалардың дербес әрекеті (қимылдық ұлттық, сюжеттік рөлдік, үстел үсті-баспа, тағы басқа ойындар, кітап оқу, бейнелеу)</p> | <p>Мақсаты: Ұлттық бұйымдарды зерттеу арқылы санау және салыстыру дағдыларын жетілдіру Ойын: «Ұлттық дастархан» Балаларға дастарханның ұлттық бұйымдарын орналастыру тапсырмасы беріледі (табақ, қасық, кесе). Олар әр затты санап, ретімен қояды. Тапсырма: Бірдей заттарды топтастыру.</p> | <p>Мақсаты: Тактильді қабылдау мен ұлттық элементтерді сезіну Ойын: «Сипап, таны» Балалар көздерін жұмып, әртүрлі ұлттық материалдарды (мата, ағаш, киіз) сипап сезеді, олардың атауын атайды. Тапсырма: Тактильді заттарды жұмсақ және қатты болып бөлу. Құрастыру: Қалдық материалдардан ұлттық ойыншықтар жасау</p> | <p>Мақсаты: Балаларды қағаздан құрастыруға үйрету, кеңістікті бағдарлау дағдыларын дамыту. Құрастыру: Қағаздан бұрыштары мен қырларын біріктіріп, қарапайым пішіндер жасау. Ойын: «Жоғары-төмен» Балалардан жоғарыда немесе төменде</p> | <p>Мақсаты: Табиғи материалдарды пайдалана отырып, әртүрлі өлшемдегі заттардан композиция жасау. Құрастыру: Табиғи материалдардан (қағаз қиындылары, бұтақтар) композиция құрастыру. Ойын: «Сандық жолақ» Екі қатарға қойылған заттарды санау және</p> | <p>Мақсаты: Заттарды жуандығы мен биіктігі бойынша салыстыру. Құрастыру: Қалдық материалдардан биік және аласа мұнаралар жасау. Ойын: «Жуан-жіңішке» Балаларға жуан және жіңішке заттарды көрсетуін сұрау. Тапсырма:</p> |

| | | | | | |
|-------------------------------------|---|--|---|---|---|
| | <p>Құрастыру: Матадан немесе қағаздан ұлттық үлгідегі көрпе жасау (қолдан қиылған ою өрнектерді жапсыру).</p> | <p>(киізден қуыршақ немесе шағын мал бейнелері).</p> | <p>орналасқан заттарды көрсетуін сұрау. Тапсырма: Қағаздан жасалған пішіндерді желімдеп, дайын композиция жасау.</p> | <p>салыстыру (қайсысы көп немесе аз). Тапсырма: Балаларға әртүрлі пішіндерді тауып, оларды өлшемі бойынша іріктеу.</p> | <p>Биік және аласа заттарды жеке топтарға бөлу.</p> |
| <p>Балалармен жеке жұмыс</p> | <p>Мониторинг бойынша Мухаммад</p> <p>допты қағып алау дағдыларын қалыптастыру.</p> | <p>Мониторинг бойынша Рамазан мен</p> <p>Логикалық тапсырмалар: «Суреттен не көріп тұрғаныңды айтып бер». Ағаш пен бұта, бұта мен шөп несімен ұқсас және айырмашылықтары неде?</p> | <p>Мониторинг бойынша Жанерке</p> <p>Кітаптар сөресі</p> <p>Кітаптарды ретке келтіру. Кітаптарды күтіп ұстауға үйрету.</p> | <p>Мониторинг бойынша рамазан</p> <p>Таныс ертегілердің үзінділерін сахналауға ынталандыру.</p> | <p>Мониторинг бойынша Гүлсезім</p> <p>Балалардың ойлау қабілеттерін тілдерін дамыту.</p> |
| <p>Серуенге дайындық</p> | <p>Киімдерін сөрелерден ұқыптылықпен алуға, дербестікке дағдыландыру, әр балаға өз киімдерін танып шкафтан алуға дағдыландыру Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру</p> <p>Сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға, Мысалы: күртеше, Етік, Қолқап, әр балаға өз киімдерін танып шкафтан алуға дағдыландыру</p> <p>Мемлекеттік тілді меңгерту</p> | | | | |

| | | | | | |
|--|---|--|---|---|--|
| <p>Серуеннен оралу</p> | <p>Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу</p> <p style="text-align: center;">Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру</p> | | | | |
| <p>Кешкі Ас</p> | <p>Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. "Қолды қалай жуамыз?" сұрағын қойып, әрекеттерін бақылау. "Сабынды алып жақ, суды ашып шайқайық" Кесте бойынша кезекшілікті орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</p> | | | | |
| <p>Балалардың дербес әрекеті(қимылдық ұлттық, сюжеттік рөлдік, үстел үсті баспа, тағы басқа ойындар, кітап оқу, бейнелеу)</p> | <p>Қиялды дамытатын ойындар:</p> <p>"Киіз үйдің ішін безендіру": Үлкен қағаздан киіз үйдің ішкі суретін жасап, балаларға оны безендіруді ұсыну. Олар өздері жасаған кілемшелерді, көрпелерді, қоржындарды "ілуге" болады.</p> <p>"Шеберлер ауылы": Балалар топтарға бөлініп, әрқайсысы бір ұлттық бұйымды мүсіндеу, бояу немесе жапсыру арқылы жасап шығарады. Соңында барлық бұйымдарды біріктіріп, ортақ ұлттық композиция құру.</p> <p>Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу</p> | <p>Түстерді зерттеу мен араластыру:</p> <p>"Түсті ертегі": Балаларға ертегі ойлап табуды ұсыну, мысалы, қоңыр түсті жерге (дала), қызғылт сары күнге және ашық жасыл шалғынға байланысты. Олар осы түстерді араластырып, ертегідегі көріністерді бояп көрсетеді.</p> <p>"Түсті жаңбыр": Ақ қағазға түрлі түсті бояуды тамызып, оларды су тамшысымен жан-жаққа жайып сурет салу. Қоңыр, қызғылт сары, жасыл түстерді пайдалану табиғат көрінісін бейнелеуге көмектеседі.</p> <p>"Түстердің саяхаты": Әр түсті табиғатта қайдан көруге болатынын талқылау:</p> <p>Қоңыр – жер, ағаш қабығы.</p> | <p>Көлемді пішіндер жасау: "Киіз үй макеті":</p> <p>Картон мен қағаздан киіз үйдің үлгісін жасап, оны жіппен немесе қағаз оюларымен безендіру.</p> <p>Шаңырақ пен уықтардың құрылымын көрсету үшін балаларды қағазды бүктеп немесе түтікше етіп бұрауға үйрету.</p> <p>"Ұлттық ертегілер кейіпкерлері": Пластелин немесе тұзды қамырдан ұлттық ертегілердегі кейіпкерлердің мүсіндерін жасау. Мысалы, Алдар көсе, батырлар, домбыра ұстаған ақын.</p> <p>Мүсіндеу, Жапсыру, сурет салу, құрастыру</p> | <p>Қазақ халқының сәндік өнері:</p> <p>"Текемет өрнектері": Түрлі-түсті қағаздарды қиып, ұлттық өрнектерді құрастыру. Кейін оларды үлкен қағаз бетіне жапсырып, "текемет" жасау.</p> <p>"Кілемше мозаикасы": Ұсақ түрлі-түсті қағаз немесе матадан бөліктер қиып, оларды ұлттық кілемөрнегіне құрастыру.</p> <p>"Сәндік бұйымдарды бояу": Балшықтан жасалған шағын құмыраларды немесе шыныларды акрил бояулармен бояп, өрнектер салу.</p> <p>Сурет салу, құрастыру, жапсыру</p> | <p>Ұлттық ойындар мен шығармашылық:</p> <p>"Оюлы тақия": Балалар өз тақияларын жасайды. Қағаз немесе мата кесінділерінен жасалған тақияларға түрлі өрнектер жапсырады. Ойын ретінде тақияны киген бала өз тақиясының реңін немесе оюларын сипаттайды.</p> <p>"Қоржын жинау": Қағаздан немесе картоннан жасалған қоржынды безендіру. Ішіне ұлттық үлгідегі заттарды салып, "шабандоз ойыны" ретінде тасымалдау ұйымдастыру.</p> <p>Жапсыру, құрастыру, мүсіндеу сөздік қорды дамыту</p> |

| | | | | | |
|-------------------------------|--|--|---|---|---|
| | | <p>Қызғылт сары – күн, күзгі жапырақтар.</p> <p>Ашық жасыл – шөп, көктемгі ағаштар. Балаларға табиғи элементтерден коллаж жасау ұсыну.</p> <p>Сурет салу , сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет, сөздік қорды дамыту, жапсыру</p> | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | Бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу | Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. | Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу. | .Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы. | Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу Тәрбиеші ата-аналарға баланың күнін қалай өткізетіні туралы қысқаша ақпарат береді. |

Тәрбиелеу білім беру процесі

2024-2025 оқу жылы

Білім беру ұйымы: МКҚК №17 «Шұғыла» бөбекжай балабақшасы

№4 Арнайы тобы «Кәусарбұлақ» ересек тобы

4 жастағы балалар

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 27.01.202 | Сейсенбі 28.01.2025 | Сәрсенбі 29.01.2025 | Бейсенбі 30.01.2025 | Жұма 31.01.2025 |
|---|--|--|--|---|--|
| Балаларды қабылдау | Салемдесу Жақсы көңіл күй тілеу, Топқа балалар келген кезде балаларды реттілікпен шешінуге, киімдерін шкафқа жинап қоюды үйрету. Медбике тексеруі «Күй күмбірі» - балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру | | | | |
| Ата-аналармен немесе баланың басқада заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру | Ата-аналармен әңгіме: Баланың тамақтануы, ұйқысы және жалпы жағдайы туралы сұрау. Қыс мезгілі келгенін балаларды жылы киіндіру туралы ескерту | Ата-анаға кеңес: Тәрбиеші бала жайлы жалпы көңіл-күй, белсенділік немесе жана дағдылары жайлы қысқаша ақпарат беру | Психологтың кеңесі: Баланың әр жетістігін қолдап, оны мақтау, бұл баланың өзіне деген сенімділігін арттыратынын айту | Ата-аналармен әңгіме: Баланың қажеттіліктері мен даму динамикасын қысқаша талқылау. | Ата –аналармен әңгіме: Осы артада болатын іс шаралармен таныстыру, балаларды жарыстарқа қатыстыру туралы ұсыныстар |

| | | | | | |
|--|---|---|--|---|--|
| <p>Балалардың іс әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық экспериментал</p> | <p>Қимылдық ұлттық ойындар Мақсаты: Дене белсенділігін арттыру, ұлттық дәстүрлермен таныстыру. Ойын: "Ақ сүйек":</p> | <p>Сюжеттік-рөлдік ойындар Мақсаты: Балалардың қиялын, шығармашылық қабілетін дамыту, әлеуметтендіру. Ойын: "Дәрігер": Балалар</p> | <p>Үстел үсті және баспа ойындары Мақсаты: Логикалық ойлау, зейін мен шыдамдылықты дамыту. Ойын: Пазлдар құрастыру: Балалар қысқа</p> | <p>Кітап оқу Мақсаты: Балалардың сөйлеу дағдысын, сөздік қорын, қиялын және шығармашылық ойлауын дамыту. іс-әрекет Ертегі немесе</p> | <p>Эксперименталдық әрекет Міндет: Балалардың табиғи құбылыстарды зерттеуіне жағдай жасау. Ойын: <i>«Мұз қалай пайда болады?»</i></p> |
|--|---|---|--|---|--|

| | | | | | |
|---|--|---|---|--|--|
| <p>дық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)</p> | <p>Балалар бөлмеде немесе аулада жасырылған сүйекті іздейді.</p> | <p>дәрігер, медбике, науқас рөлдерін ойнайды.</p> | <p>қатысты суреттерді толық жинақтайды.</p> | <p>әңгіме оқу (мысалы, "Мақта қыз бен мысық").</p> | <p>Суыққа су құйып, оны ашық ауаға шығарып қояды. Ертеңгі күні судың мұзға айналғанын бақылайды.</p> |
|---|--|---|---|--|--|

| | | | | | |
|-------------------------------------|--|--|--|--|--|
| <p>Таңертенгілік жаттығу</p> | <p>Таңғы жаттығу Қимыл мен ырғақ Әнмен серіктесу: Музыкамен қимылдарды орындау (қолмен соғу, аяқпен шапалақтау). Ырғақты жүгіру: Әннің ырғақтарына сай жүгіру. Қарапайым би қимылдары: Әнмен бірге айналу, қолды жоғары көтеру, төмен түсіру. Қолды сермеп қозғалту: Әуенмен бірге жеңіл қозғалу, қолды алдыға және артқа сермеп қимыл жасау.</p> | | | | |
|-------------------------------------|--|--|--|--|--|

| | | | | | |
|------------------------|--|--|--|--|--|
| <p>Таңғы ас</p> | <p>Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға: Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету ("Рақмет"). Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</p> | | | | |
|------------------------|--|--|--|--|--|

| | | | | | |
|---|---|---|---|--|---|
| <p>Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге Дайындық ҮІӘ</p> | <p>Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру</p> <p>"Өнегелі 15минут: Сыпайылық ережелері" Міндеті: Балаларды «рақмет», «өтінемін», «кешіріңіз» деген сыпайы сөздерді қолдануға үйрету.</p> <p>Ойын: "Сықырлы сөздер" Балалар сықырлы қорапшадан суреттер немесе ойыншықтарды алады</p> | <p>Іс-әрекетке қажетті құралдарды дағдыларға қарай дайындау</p> <p>Өрт қауіпсіздігі Педагог өрттің қаншалықты қауіпті екенін, өртке себеп болатын заттарды (сіріңке, отпен ойнау) түсіндіреді. Балалармен «Өрт шыққанда не істеу керек?» деген сұрақты талқылау. Өрт кезінде 101-ге хабарласу қажеттілігін және өрттен қашу жолдарын ойын түрінде көрсету.</p> | <p>Ұйымдастырылған іс әрекетке дайындық жасау, көрнекіліктерді дайындау, видео түсіндірмелер дайындау</p> <p>"Үнемділікке баулу" Міндеті: Балаларды ресурстарды (су, жарық, қағаз) үнемдеуге үйрету.</p> <p>Ойын: "Кранды жап" Балаларға судың маңызын түсіндіру. Ойын барысында балалар су құятын ыдыстарды толтырып, қажетсіз жағдайда кранды жабуды үйренеді. Қол жуып болған соң, кранды жабу әрекетін қайталау.</p> | <p>Барлық орталықтарды балалар әрекетіне қажетті заттар мен материалдармен толықтыру</p> <p>"Өнегелі 15минут: Сыпайылық ережелері" Міндеті: Балаларды «рақмет», «өтінемін», «кешіріңіз» деген сыпайы сөздерді қолдануға үйрету.</p> <p>Ойын: "Сықырлы сөздер" Балалар сықырлы қорапшадан суреттер немесе ойыншықтарды алады.</p> | <p>Іс-әрекетке қажетті құралдарды дағдыларға қарай дайындау</p> <p>Өрт қауіпсіздігі Педагог өрттің қаншалықты қауіпті екенін, өртке себеп болатын заттарды (сіріңке, отпен ойнау) түсіндіреді. Балалармен «Өрт шыққанда не істеу керек?» деген сұрақты талқылау. Өрт кезінде 101-ге хабарласу қажеттілігін және өрттен қашу жолдарын ойын түрінде көрсету.</p> |
|---|---|---|---|--|---|

| | | | | | |
|--------------------|---------------------------------------|---|---------------------------------------|-------------------------------|--|
| Кестеге сәйкес ҮІӨ | Дене шынықтыру Жетекші жоспарымен. | <p>Ойын: «Түстерді тап» Балаларға ұлттық бұйымдардың түсін сипап тануға мүмкіндік беру, қажетті түстерді бояулардан араластырып табуды ұйымдастыру.</p> <p>Тапсырма: Дайын қоржынды ұлттық өрнектермен әшекейлеу. Мүсіндеу, сурет салу жапсыру</p> | Дене шынықтыру Жетекші жоспарымен. | Музыка Жетекші жоспарымен. | Дене шынықтыру Жетекші жоспарымен. |
|--------------------|---------------------------------------|---|---------------------------------------|-------------------------------|--|

| | |
|-------------------|---|
| Екінші таңғы ас | <p>Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға: Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету ("Рақмет"). Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</p> |
| Серуенге дайындық | <p>Өздігінен реттілікпен киінуді үйрету</p> <p>Балаларға қысқы табиғаттың ерекшеліктері туралы қысқаша түсінік беру, әр балаға өз киімдерін танып шкафтан алуға дағдыландыру Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру</p> |
| Серуеннен оралу | <p>Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне –өзі қызмет етуге баулу</p> |
| Түскі ас | <p>Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларға: Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету ("Рақмет"). Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. Кесте бойынша кезекшілікті орындау</p> |

| | |
|--|---|
| <p>Күндізгі ұйқы</p> | <p>Балаларға өздігінен киімдерін шешіп, ұйықтар алдындағы киімдерін киюге дағдыландыру Балалар ұйықтайтын бөлмені алдын-ала желдету ұйықтар алдында балаларға кітап оқу</p> <p>(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, тыңдау дағдысын қалыптастыру)</p> |
| <p>Ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</p> | <p>Балалармен бірге терең тыныс алу және дем шығару жаттығуларын жасау тыныс алу жаттығулары:Мұрын арқылы терең тыныс алу және ауыз арқылы жай шығару.</p> <p>«Денсаулық жолдарымен жүргізу» құмды жолдар</p> <p>Жағымды музыкамен біртіндеп ояту; - қолдар мен аяқтарды керу, созу, көтеріп, түсіруге жаттығулар,Көз жаттығуларын жасау «Денсаулық жолдарымен жүргізу» Түйіршікті, усақ және ірі моншақты жолдар</p> |
| <p>Бесін ас</p> | <p>Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. Балаларды қасықпен тамақ жеуге, майды нанға жағуға үйрету. Әр бала өз ыдысын дұрыс пайдалануды үйренеді.</p> <p>Кесте бойынша кезекшілікті орындау (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</p> |

| | | | | | |
|---|--|---|--|---|---|
| <p>Балалардың дербес әрекеті (қимылдық ұлттық, сюжеттік рөлдік, үстел үсті-баспа, тағы басқа ойындар, кітап оқу, бейнелеу)</p> | <p>Мақсаты: Геометриялық фигураларды тану және оларды кеңістікте орналастыру. Құрастыру: Қағаздан үшбұрыш, шаршы, дөңгелек қиып, оларды біріктіру. Ойын: «Фигураны тап» Балаларға түрлі пішіндерді көрсетіп, олардың атауларын және орналасуын сұрау (жоғарыда, төменде, қасында). Тапсырма: Әртүрлі пішіндерді біріктіріп, қарапайым ұлттық ою-өрнек құрастыру.</p> | <p>Мақсаты: Балаларды кеңістікті бағдарлауға және түрлі заттардың қасиеттерін салыстыруға үйрету. Құрастыру: Табиғи және қалдық материалдардан ортақ композиция жасау. Ойын: «Қайда орналасқан?» Балалардан заттардың өзіндік орналасуын сипаттап беруін сұрау (оң жақта, сол жақта, алдында, артында). Тапсырма: Геометриялық фигураларды пайдаланып, шығармашылық сурет немесе қолөнер жасау.</p> | <p>Мақсаты: Балалардың жиын мен пішіндерді тану дағдыларын дамыту, қағаздан құрастыруды үйрету. Құрастыру: Қағаздың бұрыштарын бүктеп, қарапайым үшбұрыштар жасау. Ойын: «Кім қанша тапты?» Балаларға бөлменің ішінен белгілі бір пішіндегі заттарды (дөңгелек, шаршы) тауып, санап келуін сұрау. Тапсырма: Қағаздан жасалған пішіндерді желімдеп, үйренген фигураларын көрсету.</p> | <p>Мақсаты: Балаларды көлемді заттарды салыстыруға және оларды кеңістікте дұрыс орналастыруға үйрету. Құрастыру: Табиғи материалдардан (жапырақтар, жаңғақ қабығы) көлемді сурет жасау. Ойын: «Көлемін тап» Балаларға бірдей және әртүрлі көлемдегі заттарды көрсету, оларды топтастыру. Тапсырма: Үлкен және кіші заттарды ажыратып, олардан композиция жасау.</p> | <p>Мақсаты: Тактильді қабылдауды дамыту, заттардың сипап сезу арқылы қасиеттерін анықтауды үйрету. Құрастыру: Қағаздан немесе жұмсақ материалдардан жастықша пішінін жасау. Ойын: «Сипап, таны» Балаларға көздерін жұмып, ұлттық элементтер (киіз, ағаш, мата) сипап тануды ұйымдастыру. Тапсырма: Жұмсақ және қатты заттарды бөлу, олардан шағын топтық жұмыс ұйымдастыру.</p> |
| <p>Балалармен жеке жұмыс</p> | <p>Мониторинг бойынша баламен жұмыс Рамазан Графикалық дағдылар.</p> | <p>Мониторинг бойынша баламен жұмыс: Гулсезіммен Санау 1-5 дейін</p> | <p>Мониторинг бойынша Жанеркемен Д/ойын «Дәл осындай пішінді тап» Ойынның мақсаты:</p> | <p>Мониторинг бойынша баламен жұмыс Рамазан Отбасы туралы әңгімелесу.</p> | <p>Мониторинг бойынша баламен жұмыс Жаеркемен киімдердің түсін айтқызып ойнау. Мақсаты: Түстерді</p> |

| | | | | | |
|--|---|--|---|--|--|
| | <p>Суретті нүктелер бойынша қайталап сал.</p> | <p>1-5 дейін кері және тура санау.</p> | <p>геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.</p> | <p>Мақсаты: Отбасы мүшелерін дұрыс атай білуге үйрету.</p> | <p>ажырата білуге, атауға, есте сақтауға баулу</p> |
|--|---|--|---|--|--|

| | | | | | |
|--|--|---|---|--|--|
| <p>Серуенге дайындық</p> | <p>Балаларға қысқы табиғаттың ерекшеліктері туралы қысқаша түсінік беру, әр балаға өз киімдерін танып шкафтан алуға дағдыландыру Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру</p> <p>Сөздік қорды балалардың киімдерінің, аяқ киімдерінің атауларымен байытуға, Мысалы: күртеше, Етік, Қолқап, әр балаға өз киімдерін танып шкафтан алуға дағдыландыру</p> <p>Мемлекеттік тілді меңгерту</p> | | | | |
| <p>Серуеннен оралу</p> | <p>Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу</p> <p>Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру</p> | | | | |
| <p>Кешкі Ас</p> | <p>Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. "Қолды қалай жуамыз?" сұрағын қойып, әрекеттерін бақылау. "Сабынды алып жақ, суды ашып шайқайық"</p> <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</p> <p>Балаға тамақтың пайдалы әрі дәмді болатынын көрсету, ас үй құралы мен ыдыс-аяқтарды пайдалану туралы қарапайым дағдыларды көрсету.</p> | | | | |
| <p>Балалардың дербес әрекеті(қимылдық ұлттық, сюжеттік рөлдік, үстел үсті баспа, тағы басқа ойындар, кітап оқу, бейнелеу)</p> | <p>Мақсаты: Балаларды қазақ халқының сәндік қолданбалы өнерімен таныстыру, көлемді пішіндерді мүсіндеу қызығушылығын ояту. Балшықтан немесе тұзды қамырдан сандық жасау.</p> | <p>Мақсаты: Балаларды киіз үй жабдықтарымен таныстыру, бояуларды араластыру арқылы жаңа реңктерді жасауға баулу. Түрлі-түсті қағаздан немесе киізден қоржын жасау.</p> | <p>Мақсаты: Ұлттық ою-өрнектерді құрастыру және қоңыр түстің реңктерімен таныстыру. Қағаздан киіз үйдің жабдықтарын (текемет, алаша) мүсіндеу.</p> | <p>Мақсаты: Ұлттық элементтері бар композицияларды біріктіру және жаңа түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру. Құрастыру:</p> | <p>Мақсаты: Көлемді пішіндермен жұмыс жасау, шығармашылық қабілеттерін арттыру. Құрастыру: Ұсақ моториканы дамытуға арналған</p> |

| | | | | | |
|--------------------------------------|--|---|--|---|---|
| | <p>Ою-өрнек элементтерін тактильді сезу арқылы мүсіндеу.</p> <p>Ойын: «Қандай пішін?» Балалар көздерін жұмып, мүсінделген заттарды сипап сезу арқылы атауын анықтайды (мысалы, сандық, кебеже).</p> <p>Тапсырма: Мүсінделген сандыққа қарапайым өрнектер мен жапсыру</p> <p>Құрастыру, мүсіндеу, сурет салу жапсыру</p> | <p>Қоңыр, қызғылт сары және ашық жасыл түстерді араластырып, қоржынға өрнек салу.</p> <p>Ойын: «Түстерді тап» Балаларға ұлттық бұйымдардың түсін сипап тануға мүмкіндік беру, қажетті түстерді бояулардан араластырып табуды ұйымдастыру.</p> <p>Тапсырма: Дайын қоржынды ұлттық өрнектермен әшекейлеу. Мүсіндеу, сурет салу жапсыру</p> | <p>Қоңыр реңктің әртүрлі түрін бояулар арқылы алу. Ойын: «Қай зат қайда?» Балаларға киіз үй жабдықтарын (сандық, қоржын) таныстырып, олардың қайда орналасқанын сөзбен сипаттау.</p> <p>Тапсырма: Киіз үйдің жабдықтарын тактильді материалдардан безендіру.</p> <p>Мүсіндеу, сурет салу жапсыру, тактильді моториканы дамыту</p> | <p>Табиғи материалдардан шағын киіз үй үлгісін жасау.</p> <p>Ашық жасыл және қызғылт сары реңктерді қолдану.</p> <p>Ойын: «Өрнекті тап» Балаларға ұлттық өрнектерді тактильді сезу арқылы анықтап, сол өрнекті бояумен салуды тапсыру.</p> <p>Тапсырма: Киіз үйдің есігін, жабдығын өздері бояп, ою-өрнек қосу.</p> <p>Мүсіндеу, сурет салу жапсыру, тактильді моториканы дамыту</p> | <p>ойыншық жасау (ұлттық сылдырмақ). Ою-өрнекті бояу арқылы сылдырмақты безендіру. Ойын: «Сипап таны» Балалар ойыншықты сипап, оның пішінін және қандай материалдан жасалғанын табады.</p> <p>Тапсырма: Дайын сылдырмаққа ұлттық нақыштағы элементтерді қосу.</p> <p>Мүсіндеу, сурет салу жапсыру, тактильді моториканы дамыту</p> |
| <p>Балалардың үйге қайтуы</p> | <p>Бүгінгі күннің қалай өткені туралы, баланың жетістіктері қандай болғаны туралы сөйлесу</p> | <p>Ата –аналармен балалардың тазалықтары жайлы әңгімелесу Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.</p> | <p>Ата аналармен балалардың бүгінгі іс-әрекеттері туралы әңгімелесу.</p> | <p>.Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.Балалардың тәрбиешіден сұранып үйге қайтуы.</p> | <p>Балалардың денсаулығы жайлы әңгімелесу</p> <p>Тәрбиеші ата-аналарға баланың күнін қалай өткізетіні туралы қысқаша ақпарат береді.</p> |

Тәрбиелеу білім беру процесі

2024-2025 оқу жылы

Білім беру ұйымы: МКҚК №17 «Шұғыла» бөбекжай балабақшасы
 №4 Арнайы тобы «Кәусарбұлақ» ересек тобы
 4 жастағы балалар

| Күн тәртібі | Дүйсенбі 03.02.2025 | Сейсенбі 04.02.2025 | Сәрсенбі 05.02.2025 | Бейсенбі 06.02.2025 | Жұма 07.02.2025 |
|---------------------------|--|--|--|---|--|
| Балаларды қабылдау | <p>Балаларды көтеріңкі көңілді муызкамен қарсы алу. Балалардың үйде немен айналысқанын, бүгінгі көңіл күйін сұрау</p> <p>Медбике тексеруі</p> <p>ҚР Гимн орындау</p> <p>«Күй күмбірі» - балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық</p> | <p>Балалардың көңіл – күйлерін қарап анықтау. Медбике тексеруі</p> <p>«Күй күмбірі» - балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру</p> | <p>Баладан қандай көңіл күймен келгенін сұрау. Баланы шкафқа киімін шешуге көмек көрсету</p> <p>Медбике тексеруі</p> <p>«Күй күмбірі» - балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру</p> | <p>Балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Баланың өзімен қатар балалармен байланыс жасауына көмек көрсету.</p> <p>Медбике тексеруі</p> <p>«Күй күмбірі» - балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке</p> | <p>Балалардың көңіл – күйлерін қарап анықтау. Медбике тексеруі</p> <p>«Күй күмбірі» - балалардың музыканы эмоционады қабылдауды, түсінуді, қадірлей білуді қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылықты арттыру</p> |

| | мәдениетке қызығушылықты арттыру | | | қызығушылықты арттыру | |
|---|---|---|--|--|---|
| <p>Ата-аналармен немесе баланың басқада заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру</p> | <p>"Бала тілінің дамуы: неге мән беру керек?" Мақсаты: Баланың сөйлеу қабілетін дамытудағы ата-ананың рөлін түсіндіру. Үйде тілдік дамытушы органы ұйымдастыру жолдарын қарастыру.</p> <p>.Ата-анамен консультация</p> | <p>"Баланың ұсақ моторикасын дамыту" Мақсаты: Саусақ моторикасының маңызын түсіндіру. Баланың қол бұлшықеттерін дамытуға көмектесетін ойындармен таныстыру. Талқыланатын мәселелер: Ұсақ моторика мен сөйлеу арасындағы байланыс. Саусақ жаттығулары мен пластилин, ермексаз, қиынды қағазбен жұмыс жасау. Үйде қолдануға болатын қарапайым әдістер.</p> <p>Ата-анамен консультация</p> | <p>"Баланы эмоциялық тұрақтылыққа үйрету" Мақсаты: Баланың эмоцияларын түсінуге көмектесу. Баланың қорқынышын, күйзелісін, агрессиясын басқару жолдарын талқылау. Талқыланатын мәселелер: Баланың эмоцияларын дұрыс қабылдау. Жағымды эмоциялар тудыратын әдістер.</p> <p>Ата-анамен консультация</p> | <p>"Баланың қозғалыс белсенділігі: денсаулық кепілі" Мақсаты: Баланың қимыл қозғалыс белсенділігінің маңызын түсіндіру. Үй жағдайында қимылдық ойындарды ұйымдастыру жолдарын қарастыру. Талқыланатын мәселелер: Қимыл-қозғалыстың физикалық және психологиялық маңызы. Баланы дұрыс отыруға, жүруге, жүгіруге үйрету.</p> <p>Ата-анамен консультация</p> | <p>"Баланың әлеуметтік дағдыларын дамыту" Мақсаты: Баланың басқа балалармен қарым қатынас орнату дағдыларын дамыту. Достық, ынтымақтастық, кезекпен ойнау дағдыларын үйрету жолдарын көрсету. Талқыланатын мәселелер: Баланың өз ойларын жеткізуі және топпен жұмыс істеуі. Қақтығыстарды дұрыс шешуге көмектесу.</p> <p>Ата-анамен консультация</p> |

| | | | | | |
|---|--|--|--|--|--|
| <p>Балалардың іс әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық)</p> | <p>"Асық ату" Мақсаты: Көзді бағдарлау, дәлдік пен ептілікті дамыту. Ойын барысы:</p> | <p>"Төлдерін тап" Мақсаты: Балалардың төрт түлік мал туралы білімін арттыру. Ойын барысы:</p> | <p>"Кім жылдам?" Мақсаты: Тілдік қорды дамыту. Ойын барысы:</p> | <p>Шығармашылық эксперименталдық ойындар 4.1. "Киіз үй құрастыру"</p> | <p>Еңбек дағдыларын дамытуға арналған ойындар 5.1. "Қазақ дастарханы"</p> |
|---|--|--|--|--|--|

| | | | | | |
|--|--|---|---|--|--|
| <p>эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)</p> | <p>Балалар шеңбер жасап отырады. Әр бала асықты қолына алып, белгілі бір қашықтықтан нысанаға тигізуге тырысады.</p> | <p>Мұғалім әртүрлі малдардың суретін көрсетіп, "Бұл не?" деп сұрайды. Балалар оның атын және төлін (сиыр – бұзау, қой – қозы, т.б.) атауы керек</p> | <p>Мұғалім бір тақырып бойынша сөз айтады (мысалы, "Көкөністер"). Балалар сол тақырыпқа қатысты сөздерді тез айтып шығуы керек.</p> | <p>Мақсаты: Балалардың ұлттық мәдениет туралы түсінігін кеңейту. Ойын барысы: Балалар киіз үй бөліктерін (шаңырақ, кереге, уық) қағаздан немесе ағаш ойыншықтардан құрастырады.</p> | <p>Мақсаты: Балаларды ұлттық тағамдармен таныстыру. Ойын барысы: Балалар қамыр илеп, бауырсақ жасау ойынын ойнайды. Ойыншық немесе пластилиннен қымыз, айран, ет бейнелерін жасап, "қазақ дастарханын" әзірлейді.</p> |
|--|--|---|---|--|--|

| | |
|-------------------------------------|--|
| <p>Таңертенгілік жаттығу</p> | <p>Таңғы жаттығу кешені «Қыс келді» (Жалпы сергіту жаттығуы) <i>Музыка қосылады немесе тәрбиеші балаларға қыс туралы көңілді сөздер айтады.</i> Балалар шеңбер жасап тұрады. Қолдарын жоғары көтеріп, созылады (қар жауып тұр). Қолдарын екі жаққа жайып, баяу тербеледі (боран соғып тұр). Бір орында секіреді (қар үстінде ойнап жүр).</p> |
|-------------------------------------|--|

| | |
|------------------------|--|
| <p>Таңғы ас</p> | <p>Майлықты дұрыс қолдануды, нанды үгітпей жеу қажет екенін ескертіп отыру Таңғы аспен таныстыру Мәдениетті тамақтану дағдысын үйрету «Қолды жуу» (Гигиеналық дағды)</p> |
|------------------------|--|

| | | | | | |
|---|--|--|--|--|--|
| <p>Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге Дайындық ҮІӘ</p> | <p>Үнемді пайдалану</p> <p>"Тағамды ысырап етпе" (Тағамды дұрыс қолдануға үйрету)</p> <p>Мақсаты: Балаларға тағамды ысырап етпей, тек қажет болған мөлшерде жеуге үйрету.</p> <p>Өткізу барысы: Балаларға тамақты тек қажет мөлшерде алып, оны толықтай жеуді үйрету. Тамақты ысырап етпеудің маңызын түсіндіру.</p> | <p>Ұлттық құндылықты дәріптеу</p> <p>«Ұлттық киімдер»: Балаларға қазақтың ұлттық киімдері туралы айтып, суреттер көрсету. Киімдерді көрсетіп, олардың маңызын түсіндіру.</p> | <p>«Өнегелі 15 минут»</p> <p>Тақырып: "Тыңдау және жауап беру" Мақсаты: Біреуді мұқият тыңдауды және жауап беруді үйрету. - Ойын (5 минут): "Мен не айттым?" ойыны (балалар кезекпен қарапайым сөйлемдерді қайталайды).</p> | <p>Ұлттық құндылықты дәріптеу</p> <p>"Тақия тастамақ"</p> <p>Ойын ережесі: Балалар шеңбер бойымен отырып, көздерін жұмады. Жүргізуші бір баланың артына тақияны тастап кетеді, ал балалар қайсысына тақия түскенін табуы керек. Ойын ептілікті, байқағыштықты дамытады.</p> | <p>Су қауіпсіздігі</p> <p>Мақсаты: Балаларға суға жақын жерлерде қауіпсіздікті сақтау қажеттілігін түсіндіру.</p> <p>Іс-әрекет: Су қоймаларының жанында ересектерсіз ойнамау керектігін түсіндіру.</p> <p>Балалармен судың қауіпті жерлерін көрсету арқылы түсіндіру (мысалы, терең суға бармау).</p> |
|---|--|--|--|--|--|

| | | | | | |
|--------------------------------------|--|---|--|--|--|
| <p>Кестеге сәйкес ҮІӨ</p> | <p>Дене шынықтыру маман жоспары бойынша</p> | <p>"Ұзын мен қысқа ертегісі" Мақсаты: Балаларды ұзындықты салыстыруға және әдеби шығарманың мазмұнын түсінуге үйрету. Көркем әдебиет: "Шалқан" ертегісі Математика: Ұзын қысқа, ұзындау қысқалау Ойын барысы: Балаларға "Шалқан" ертегісі оқылады. Кейіпкерлерге байланысты тапсырма беріледі (мысалы, шалқан – ұзын, мысықтың құйрығы – қысқа). Балалар әр түрлі заттарды алып, олардың</p> | <p>Дене шынықтыру маман жоспары бойынша</p> | <p>Музыка маман жоспары бойынша</p> | <p>Дене шынықтыру маман жоспары бойынша</p> |
|--------------------------------------|--|---|--|--|--|

| | |
|---------------------------------|---|
| <p>Екінші таңғы ас</p> | <p>Балаларды тамақтанар алдында қол жууға үйрету. Әр баланың өз орамалдарымен қолды сүртуін талап ету. "Қолды қалай жуамыз?" сұрағын қойып, әрекеттерін бақылау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</p> |
| <p>Серуенге дайындық</p> | <p>Өздігінен реттілікпен киіну және шешінуді үйрету, жылы күртеше мен қолдарына қолғап кигізу, әр балаға өз киімдерін танып шкафтан алуға дағдыландыру</p> <p>Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру</p> <p>Қыстық киімдермен танысу: Балаларға қыс мезгіліне тән киімдерді (жылы күртешелер, қолғаптар, тақиялар, қарға арналған аяқ киімдер) көрсету, олардың қайда киілетінін түсіндіру. Балалармен бірге осы киімдерді киіп, қалай дұрыс киіну керек екенін көрсету.</p> <p>Мемлекеттік тілді меңгерту</p> |
| <p>Серуеннен оралу</p> | <p>Даладан топқа кірерде балаларды бір бірінің артынан реттілікпен жүруді дағдыландыру Өзіне қызмет көрсетуге, өздігінен реттілікпен шешінуді үйрету, киімдерін шкафтарға салуға, , оларды мейірімділікке, бір-біріне көмектесуге баулу Өзіне-өзі қызмет ету дағдысын қалыптастыру</p> |
| <p>Түскі ас</p> | <p>Балаларға қолды дұрыс жуу дағдыларын үйрету. Балалар бөлмеге кіріп, алдымен қолдарын жылы сумен жуады. Тамақтануға дайындық Балаларға: Ас ішкеннен кейін алғыс айтуға үйрету ("Рақмет"). Тамақтан соң қолын сүрту және ыдысын жинастыруға көмектесу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)</p> |
| <p>Күндізгі ұйқы</p> | <p>Маркировка бойынша балалар өз орындарын тауып жатады</p> <p>Ұйқыға арналған әуен аудио-ертегі «Алтын сақа»</p> |

| | |
|---|--|
| <p>Біртінд еп ұйқыда нояту, сауықтыру шаралары</p> | <p>Құстардың дауысы жазылған аудионы қосу Балаларға созылу жаттығуларын жасау (қолдарын жоғары көтеру, саусақтарын қозғалту).</p> <p style="text-align: center;">«Денсаулық жолдарымен жүргізу» Түйіршікті, усақ және ірі моншақты жолдар</p> |
